Гейзер сүзгілері орталық және жеке меншік су жүйелерінен суық суды тазалауға арналған.

Сүзгінің өнімділігі сумен жабдықтау жүйесіндегі қысымға тікелей байланысты. Егер сумен жабдықтау жүйесіндегі қысым 3 атм-ден аз болса, онда помпасы бар сүзгі моделін пайдалану ұсынылады.

Судың температурасы, °C	+4...+40
pH (сутегі көрсеткіші), бір моль/л	6...9
Лайлығы <sup>[1]</sup> , мг/л, артық емес	5
Кермектік <sup>[1]</sup> , Ж° (мг-экв/л), ең көбі	15
Сүзгіге кірістегі судың қысымы <sup>[2]</sup> , атм	3...7
Минералдану <sup>[1]</sup> , мг/л, ең көбі	2000

**Назар аударыңыз! Егер бастапқы судың сипаттамалары көрсетілген ұсынымдарға сәйкес болмаса, ауыстырмалы элементтердің қызмет мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен аз болуы мүмкін.**

<sup>[1]</sup> Көрсетілген көрсеткіштердің мәнінен асуы қосымша алдын ала тазалауды қажет етеді.

<sup>[2]</sup> Егер сүзгіге кіретін судың қысымы көрсетілгеннен көп болса, сүзгінің алдында қысымды төмендететін бәсеңдеткішті орнату керек.

## **СҮЗГІШ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АУЫСТЫРМАЛЫ ЭЛЕМЕНТТЕР**

**Кеуектілігі 5 мкм тең PP полипропилен картриджі** судан жүзгіндер мен ұсақ ерімейтін қоспаларды кетіреді.

**СВС/Микс Блок картриджінде** жоғары сапалы кокос көмірі бар және ол Карбон-блок технологиясы бойынша (кеуектілігі 10 мкм) орындалған, бұл судан қалдық хлор мен хлорорганикалық қоспаларды кетіруге мүмкіндік береді.

**БАФ картриджі** құрамында Каталон материалы мен сорбенттерге негізделген көп компонентті жүктеме бар. Хлор мен органикалық қоспаларды кетіреді, темір мен ауыр металдар мөлшерін азайтады.

**Кері осмостық Geysер 1812 50 GPD/2012 100 GPD** мембранасы суды терең тазалау үшін қолданылады. 0,0001 мкм мембрананың тесіктері арқылы тек су молекулалары өтеді.

**Aquarogin TWRO-1812 175 GPD кері осмостық мембранасы** – әлемдегі жалғыз Aquarogin ақуызына негізделген мембрана (EP 1885 477 B1 патенті). Суды кермектік тұздарынан, хлордан, темірден, ауыр металдардан, органикалық қоспалардан, фенолдардан, нитриттер мен нитраттардан, бактериялар мен вирустардан, бөгде иістер мен дәмдерден тазалауға арналған.

**VNF2-1812 наносүзгіш мембранасы** еріген қоспалардан, ауыр металдардан, микроорганизмдерден негізгі тазалауды жүзеге асырады және кермектік тұздарының мөлшерін төмендетеді.

Тазартылған судағы иістерді кетіру үшін белсендірілген кокос көмірінен жасалған **көмірлі кейінгі сүзгі** қолданылады.

**B (RO) минералдандырғышы** табиғи компоненттер негізінде жасалған, суды пайдалы минералды тұздармен байытады (№2212378 патент).

**Баскон минералдандырғышы** минералдармен (калий, магний, кальций) қаныққан таза және пайдалы су алуға мүмкіндік береді. Суда бос радикалдар саны төмендейді және RedOx (тотығу-тотықсыздану) потенциалы азаяды.

## СҮЗГІНІҢ ТҮРЛЕНДІРУІ

Атауы	Сатысы	Ауыстырмалы элемент	Қызмет мерзімі <sup>[1]</sup> , ай
Аллегро/Аллегро М	I	Полипропилен картриджі PP 5 мкм	6-ға дейін
Премиум			
Престиж/Престиж М			
Нанотек			
Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M			
Аллегро/Аллегро М	II	CBC/Микс Блок картриджі	6-ға дейін
Премиум		БАФ картриджі	
Престиж/Престиж М		Микс Блок картриджі	
Нанотек			
Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M			
Аллегро/Аллегро М	III	Полипропилен картриджі PP 5 мкм	6-ға дейін
Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M			
Премиум			
Престиж/Престиж М		CBC/Микс Блок картриджі - 10 мкм	
Нанотек			
Аллегро/Аллегро М/ Zero 50/Zero 50M	IV	GEYSER 1812-50 GPD мембранасы	12-ға дейін
Премиум		Aquarogine TWRO-1812 175 GPD мембранасы	
Престиж/Престиж М/ Zero 100/Zero 100M		GEYSER 2012-100 GPD мембранасы	
Нанотек		VNF2-1812 мембранасы	
Аллегро/Аллегро М	V	Көмірлі кейінгі сүзгі	12-ға дейін
Премиум			
Престиж/Престиж М			
Zero 50/Zero 50M/ Zero 100/Zero 100M			
Нанотек			
Аллегро М	VI	Баскон минералдандырғышы	12-ға дейін
Премиум			
Престиж М		B (RO) минералдағышы	
Zero 50M/Zero 100M			

[1] Қызмет мерзімі бастапқы судың сапалық сипаттамаларына байланысты. Кестеде деректер 3...4 адамнан тұратын отбасы күніне 10...12 литр су тұтыну есебінен келтірілген. Егер бастапқы судың сапалық сипаттамалары ұсынымдарға сәйкес келмесе, мембрананың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін, алдын ала тазалау картриждерін әрбір 2... 3 ай сайын ауыстыру керек.

## ӨЛШЕМДЕРІ МЕН САЛМАҒЫ

Сүзгінің түрлендіруі	Бұйымның габариттік өлшемдері (жинақтау бағынсыз) Е x Б x Т, мм, артық емес	Бұйымның салмағы қаптамасыз, кг, артық емес
<b>Аллегро</b>	365 x 370 x 145	2,8
<b>Престиж</b>		
<b>Нанотек</b>		
<b>Zero 50/Zero 100</b>		
<b>Аллегро М</b>	365 x 390 x 145	3
<b>Премиум</b>		
<b>Престиж М</b>		
<b>Zero 50М/Zero 100М</b>		


## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Ең жоғары жұмыс қысымы, атм	7
Өнімділігі <sup>[1]</sup> , л/тәулік, артық емес: <b>Аллегро М, Нанотек, Zero 50, Zero 50М,</b> <b>Престиж М, Zero 100, Zero 100М,</b> <b>Премиум</b>	200 400 750
Жинақтау бағының номиналды көлемі <sup>[2]</sup> , л:	12
Жинақтау бағындағы артық ауа қысымы, атм	0,4...0,5

<sup>[1]</sup> Температураға («Түзету температуралық коэффициенті» кестесін қар.), бастапқы судың құрамына және су құбырындағы қысымға байланысты.

<sup>[2]</sup> Жинақтау бағындағы су мөлшері оның көлемінің 70% құрайды (жинақтау бағындағы артық ауа қысымы 0,5 атм болғанда). Жинақтау бағының толуы кіріс су қысымына және сүзгілейтін элементтердің ластану дәрежесіне байланысты. Сыйымдылығы 12 литр болатын жинақтау бағының әр түрлі қысымда толтырылу мысалы кестеде келтірілген:

Магистральдегі су қысымы, атм	Бақтағы су көлемі, л	Толуы, %
1	2,9	24
2	5,8	48
3	6,7	56
4	7,4	62
5	8,2	67
6	8,4	70



1-сур. Жинақтау бағы

## ТҮЗЕТУ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ<sup>[1]</sup>

П Кері осмостық сүзгінің өнімділігі сумен жабдықтау магистраліндегі судың қысымы мен температурасына тікелей байланысты.

Мембрананың нақты өнімділігі = Сүзгі өнімділігі (техникалық сипаттамалар кестесінен)/ Түзету коэффициенті:

Температура, °C												
+5	+6	+8	+14	+17	+20	+23	+26	+29	+32	+35	+38	+40
Түзету коэффициенті												
2,16	2,075	1,702	1,513	1,35	1,205	1,077	0,974	0,9	0,832	0,771	0,715	0,681

<sup>[1]</sup> Мембрана өндірушінің деректері бойынша.

## ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ


Атауы	Орындалуы	Сүзгінің түрлендіруі	Кол-во
Алдын ала тазалау блоны (I, II, III сатылы картриджтердің корпустары картридждермен бірге жинақта)	Ақ	Аллегро/Аллегро М/Престиж/Престиж М/Нанотек/Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M	1 дана
	Мөлдір	Премиум	
Жұқа тазалау блогы жинақта (мембрана корпусы, кейінгі сүзгі, минералдағыш (түрлендіруге байланысты))			1 дана
Таза су шүмегі <sup>[1]</sup>	№3 шүмек	Zero 50/Zero 100	1 дана
	FlowMaster	Аллегро/Престиж/Нанотек	
	FlowMaster Duo	Аллегро М/Премиум/Престиж М/Zero 50M/Zero 100M	1 дана
Жинақтау бағы (шұрасы бар бөлек қорапта)	Металлопластикалық	Аллегро/Аллегро М/Нанотек/Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M	1 дана
	Металл	Премиум/Престиж/Престиж М	
Кері осмостық мембрана	Мембранасы GEYSER 1812-50 GPD	Аллегро/Аллегро М/Zero 50/Zero 50M	1 дана
	Мембранасы Aquarogine TWRO-1812 175 GPD	Премиум	1 дана
	Мембранасы GEYSER 2012-100 GPD	Престиж/Престиж М/Zero 100/Zero 100M	1 дана
Наносүзгілеу мембранасы	Мембранасы VNF2-1812	Нанотек	1 дана
Қыспа			2 дана
Бейімдегіш-шұра			1 дана
Дренаж қамыты			1 дана
1/4" түтік	Жасыл		1 дана
	Көк		1 дана
	Қызыл		1 дана
Алдын ала тазалау картриджі корпусының кілті			1 дана
Нұсқаулық			1 дана
Қаптама			1 дана

<sup>[1]</sup> Тек таза су шүмегі бар түрлендірудегі сүзгілер үшін.



## Гейзер Аллегро М/Премиум/Престиж М/Zero 50М/Zero 100М<sup>[1]</sup>

1. Алдын ала тазалау картридждерінің корпустары (I, II, III сатыдағы) жинақта (3 дана)
2. Мембрана корпусы
3. Көмірлі кейінгі сүзгі
4. Минералдандырғыш
5. Таза су шүмегі<sup>[2]</sup>
6. Жинақтау багы
7. Жинақтау багының шұрасы
8. Бейімдегіш-шұра
9. Дренаж қамыты
10. Дренаж ағынын шектегіш
11. Кері клапан<sup>[3]</sup>
12. Авто ауыстырып-қосқыш
13. 1/4" түтіктер (жасыл, көк, қызыл, ақ) (4 дана)
14. Картридждер корпусының кілті
15. Нұсқаулық
16. Қаптама



3-сур. Аллегро М/Премиум/Престиж М/Zero 50М/Zero 100М қосу схемасы

<sup>[1]</sup> Дайындаушы сүзгінің конструкциясына және жиынтықтамасына елеусіз жақсартуды, оларды осы нұсқаулықта көрсетпей енгізу құқығын өзіне қалдырады.

<sup>[2]</sup> Жиынтықтамасына байланысты.


<sup>[3]</sup> О Кері клапан жеке элемент болуы да мүмкін, фитинг ішінде болуы да мүмкін.

## ҚОСУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР


- Қосуды білікті маман немесе дайындаушы кәсіпорынның өкілі жасайды, өздігінен қосқан кезде нұсқауларды дәл орындаңыз.
- Корпустың габариттік өлшемдеріне және ауыстырмалы элементтерді оңай ауыстыру мүмкіндігіне сәйкес сүзгіні орнату үшін ыңғайлы орынды таңдаңыз.
- Ұсынылатын орнату орны: жылыту аспаптарынан кемінде 1 метр.
- Зауыттық қосылыстарды қажеттісіз бөлшектеу ұсынылмайды, сүзгі жиналған түрінде жеткізіледі.
- Барлық бұйымдар сапа бақылауынан және саңылаусыздық сынағынан өтеді, сондықтан ауыстырмалы элементтер мен қосылыстардың ішінде су қалуы мүмкін.

## МЕМБРАНАНЫ ОРНАТУ

1. Қаптамадан жұқа тазалау блогын (4-сур.) және мембрананы алыңыз.
2. Мембранадан қорғаныш қаптамасын алыңыз. Тасымалдау және сақтау кезінде сақтау мақсатында ол герметикалық бітелген түрде жеткізіледі.
3. Мембрана корпусының қақпағын бұрап алыңыз (5-сур.).
4. Мембрананы корпусқа орнатыңыз.
5. Мембрана корпусының қақпағын мықтап бұраңыз.



4-сур.




5-сур.


## СҮЗГІНІ ҚҰРАСТЫРУ

Орнатар алдында сүзгіні бөлме температурасында кем дегенде 3 сағат ұстау керек.


1. Қосылу орнына салқын судың берілуін жабыңыз (6-сур.) және араластырғыштың шұрасын ашып, су құбыры магистраліндегі су қысымын төмендетіңіз.
2. Қалған құрамдас бөлшектерді қаптамадан алыңыз.
3. Жеткізу жиынтығындағы қыспаларды алдын ала тазалау блогының қапсырмасына орнатыңыз (7-сур.).
4. Мембрананың корпусын оған орнатылған минералдағыш кейінгі сүзгісімен (минералдағыштың болуы түрлендіруге байланысты) картридж корпусының қапсырмасына орнатылған қыспаларға орнатыңыз (8-сур.).



6-сур.




7-сур.




8-сур.

## БІТЕУІШТЕРІН ОРНАТУ ЖӘНЕ ТҮТІКТЕРІН АЖЫРАТУ

Тоқтатқыш қыспаны (А) алыңыз. Фитинг негізіне қысылып тұрған цангалық сақинаны (Б) ұстап тұрып, бітеуішті (В) (9-сур.) немесе түтікті (Г) (10-сур.) абайлап шығарыңыз.




9-сур.



10-сур.

## ТҮТІКТЕРДІ ҚОСУ

1. Тоқтатқыш қыспаны (А) ажыратыңыз, содан кейін түтікті цангалық сақинасынан (Б) өткізіп, фитингке тірелгенге дейін кіргізіңіз (11-сур.). Қосылысты герметизациялау үшін қосымша күш жұмсаңыз, бұл ретте түтік шамамен тағы 3 мм батады да, резеңке сақинамен мықтап қысылатын болады.
2. Тоқтатқыш қыспаны (А) орнына қойыңыз. Берік жалғанғанын тексеру үшін түтікті мықтап тартыңыз.



11-сур.

## СҮЗГІНІ ҚОСУ

**Назар аударыңыз! Қосылатын жерде су беру тоқтағанына көз жеткізіңіз!**

1. Барлық картридж корпустарының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз, қажет болса оларды қатайтыңыз.


**Назар аударыңыз! Картридж корпусындағы тік жапсырманың сүзгінің алдыңғы бөлігінің дәл ортасында орналасуы қосылыстың саңылаусыздығына кепілдік бермейді, өйткені ол корпусының бұрандалы қосылымын қатайту кезінде ығысуы мүмкін.**

2. Барлық көлік бітеуіштерді алып тастаңыз («Бітеуіштерді алу және түтіктерді ажырату» бөлімін қар.).


**Назар аударыңыз! Цангалы сақина (Б) және (немесе) тоқтатқыш қыспа (А) бұзылған немесе жоқ болған кезде сүзгіні пайдалануға жол берілмейді.**

3. Алдын ала тазалау картриджінің корпусына кірісінде фитингке жеткізілім жиынтығынан жасыл пластикалық түтікті жалғаңыз («Түтіктерді қосу» бөлімін қар. (39-бет)).
4. Авто ауыстырып-қосқыштан шығатын ақ пластик түтіктің бос ұшын алдын ала тазалау картридждерінің корпусынан шығатын фитингке бекітіңіз («Түтіктерді қосу» бөлімін қар. (39-бет)).
5. Жеткізу жиынтығынан көк пластик түтікті екі бөлікке тік бұрыш етіп кесіңіз. Қиық керткіс және толқынсыз біркелкі болуы тиіс.
6. Қосылу схемасына сәйкес (2-сур., 3-сур. қар.) көк пластик түтіктің бір бөлігін көмірлі кейінгі сүзгіге қосылған ұшайыр фитингке қосыңыз. Түтіктің екінші ұшын көмірлі кейінгі сүзгіден шығатын фитингке қосыңыз. Минералдандырғышы бар сүзгілерде жеткізу жиынтығындағы ақ пластикалық түтікті минералдандырғыштан шығардағы фитингке қосыңыз.
7. Сүзгіні пайдалану үшін қолайлы жерге орнатыңыз. Бұйымды тік бетке бекіткен кезде еденнен картридж корпусының төменгі нүктесіне дейінгі биіктігі кейіннен картриджді ыңғайлы ауыстыру үшін кемінде 15 см болуы тиіс.

**Назар аударыңыз! Сүзгілерді су құбырына қосар алдында фитингтің күйіне назар аударыңыз: 12-сур. – фитинг қондырмалы орынға бекітілген, 13-сур. – фитинг қондырмалы орынға бекітілмеген. Егер фитинг бекітілмеген күйде болса, сервис қызметіне хабарласыңыз.**



12-сур.




13-сур.


## СУ ҚҰБЫРЫНА ҚОСУ

**Назар аударыңыз! Қосылатын жерде су беру тоқтағанына көз жеткізіңіз!**

1. Адаптер шұраны (Д) суық су желісі мен араластырғыштың икемді өткізгіші арасына орнатыңыз. Жиынтықта жеткізілетін тығыздағыш сақинаны (Е) пайдаланып, бейімдегіш ұшайырдың магистральға қосылысын тығыздаңыз (14-сур.).
2. Сүзгі кірісіне баратын жасыл түтікті адаптер-клапан фитингіне жалғаңыз («Түтіктерді қосу» бөлімін қараңыз (39-бет)), (15-сур.).




14-сур.



15-сур.

### №3 ТАЗА СУ ШҮМЕГІН МОНТАЖДАУ (Zero 50/ Zero 100)

1. Орнат ыл атын бетте Ø12 мм саңылау бұрғылаңыз.
2. Кранды монтаждауды (16-сур.) келесі реттілікпен жүзеге асырыңыз:  
И1 - шүмектің ағызуы  
И2 - шүмек корпусы  
И3 - сәндік шыныаяқ  
И4 - үлкен тығыздағыш резеңке  
И5 - шағын тығыздағыш резеңке  
И6 - пластик тығырық  
И7 - гроверлі тығырықпен бекіту сомыны  
И8 - пистон  
И9 - тірек пластик сақинасы  
И10 - сомын
3. Кранды жуғышқа бекітіңіз.
4. Пластик түтікті сомынға салыңыз. Түтік пластик сақинадан шығып тұрмайтындай етіп, тірек пластик сақинаны құбырдың ұшына кигізіңіз.
5. Пистонды түтіктің ішіне тірелгенге дейін салыңыз.
6. Сомынды бұрандалы шүмек соташығына бұраңыз.




## ТАЗА СУ КРАНЫН МОНТАЖДАУ FlowMaster

1. Орнату бетінде Ø12 мм саңылауды бұрғылаңыз және таза суға арналған кранды орнатыңыз.
2. Көлік бітеуішін алып тастаңыз және шүмекті келесі реттілікпен монтаждаңыз (17-сур.):  
K1 - шүмектің ағызуы  
K2 - шүмектің корпусы  
K3 - аралық жалғастырғыш  
K4 - сәндік шыныаяқ<sup>1)</sup>  
K5 - диаметрі үлкен резеңке тығыздағыш  
K6 - диаметрі кіші резеңке тығыздағыш  
K7 - пластик тығырық  
K8 - бекіту сомыны  
K9 - фитинг 1/4"

Кранды қол жетпейтін жерге орнатқан кезде, кішірек гайканы пайдалануға болады (18-сур.).


3. Жеткізу жиынтығындағы көк түтікті екі бөлікке кесіңіз. Қиық түзу, тік бұрышты, керткісиз және толқынсыз болуға тиіс.
4. Сүзгі шығысынан келетін көк түтіктің бірінші бөлігін жеткізу жиынтығындағы 1/4" фитингке қосыңыз («Түтіктерді қосу» бөлімін қар. (39-бет)).
5. 1/4" фитингті өзіне орнатылған түтікпен бірге таза су шүмегінің соташығына қосыңыз («Түтіктерді қосу» (39-бет) бөлімін, 17-сур. қар.).



<sup>1)</sup> Сәндік шыныаяқты орнатпас бұрын, қорғаныш үлдірді алыңыз.

## FlowMaster Duo ТАЗА СУ ШҮМЕГІН МОНТАЖДАУ

1. Орнату бетіне ортаңғы қашықтығы 16,5 мм болатын екі Ø12 мм тесік немесе бір Ø30 мм тесік бұрғылап, таза су шүмегін орнатыңыз.
2. Көлік бітеуіштерін алып тастаңыз және шүмекті келесі реттілікпен монтаждаңыз (19-сур.):  
Л1 - шүмектің ағызуы  
Л2 - шүмектің корпусы  
Л3 - сәндік шыныаяқ<sup>1)</sup>  
Л4 - резеңке тығыздағыш  
Л5 - тығырық  
Л6 - бекіту сомыны  
Л7 - фитинг
3. Сүзгіден шығатын түтіктің ұшын жеткізу жиынтығының фитингіне цангалық сақина арқылы салыңыз. Тоқтатқыш қыспаны орнатыңыз (19-сур.).
4. Фитингті оған орнатылған түтікпен бірге фитингтің цангалық сақинасы арқылы таза су шүмегінің соташығына қосыңыз, тоқтату қыспасын орнатыңыз (19-сур.).



19-сур.


<sup>1)</sup> Сәндік шыныаяқты орнатпас бұрын, қорғаныш үлдірді алыңыз.

## ДРЕНАЖЫН ШЫҒАРУ


Қамытты Ø40 мм дренаждық желіде сифоннан кейін орнату ұсынылады, кейіннен монтаждау мүмкіндігі ыңғайлы болуы ескеру қажет.

### Дренаж желісінде жұмыс істеу кезінде суды ағызуға болмайды!


1. Қамыт орнатылатын жерде дренаждық желіде Ø7 мм тесік бұрғылаңыз. Дренаж желісі көлденең орналасқан кезде, сүзгінің ішіне ағынды сулардың түсуіне жол бермеу үшін тесік құбырдың жоғарғы жағында бұрғыланады.
2. Нығыздауыш төсемнің (М) қорғаныш үлдірін алыңыз. Төсемді қамыттың ішкі жағына жабыстырыңыз (Н), сонымен бірге төсемдегі тесікті қамыттағы шығыс тесікпен туралаңыз (20-сур.).
3. Жеткізу жиынтығындағы қызыл пластик түтікті қамыттың ішкі жағынан 7...10 мм-ге шығарып, қамыт келтеқосқышы арқылы өткізіңіз (21-сур.).
4. Қамытты дренаждық желінің дайындалған орнына орнатыңыз, ал бұрғыланған тесікке қамыттың ішкі жағынан шығатын пластик түтіктің ұшын орнатыңыз.
5. Қамытты бұрандалармен дренаждық желіге мықтап бекітіңіз (22-сур.). Бекіту бұрандаларын қамыттың екі бөлігі де параллель болатындай етіп біркелкі (қисайтпай) тарту керек.
6. Пластик түтіктің екінші ұшын қосылу схемасына сәйкес авто ауыстырып-қосқыштан шығатын жерге қосыңыз (2-сур., 3-сур. қар.).



20-сур.



21-сур.




22-сур.


## ЖИНАҚТАУ БАГЫН ҚОСУ

### Темір бак


1. Жинақтау бағын қаптамадан шығарыңыз, оны көлденең бетке абайлап қойыңыз. Оның құлап кетуіне жол бермеңіз, жинақтағы пластик тұғырды пайдаланыңыз.
2. Жинақтау бағындағы ауа қысымын<sup>[1]</sup> тексеріңіз: жинақтау бағының төменгі жағында емік қақпағын бұрап алып, емік клапанына (орталық соташыққа) аздап бассаңыз, жинақтау бағынан ауа шығады. Ниппель қақпағын орнына мықтап бұраңыз.
3. Судың берілуін тоқтататын бұрандалы штуцерді жауып тұратын көлік бітеуішін алып тастаңыз (23-сур.): жинақтау бағының жоғарғы жағында көлік бітеуішін сағат тіліне қарсы бұрап алыңыз.
4. Жинақтау бағының бұрандалы келтеқосқышын фум-таспамен тығыздаңыз, шұраны бұрандалы келтеқосқышқа мықтап бұраңыз (24-сур.). Бұл шұра түтіктің цангалық қосылысымен.
5. Көмірлі кейінгі сүзгінің ұшайыр фитингінен жинақтау бағының шұрасына өтетін көк пластик түтікті қосыңыз: пластик түтікті фитингке тірелгенге дейін кіргізіңіз (25-сур.), қосылысты бітеулеу үшін қосымша күш салыңыз, бұл кезде түтік тағы 3 мм-ге батады да, резеңке фитинг сақинасымен мықтап қысылады. Жеткізу жиынтығынан тоқтатқыш қыспаны (А) орнатыңыз.



23-сур.



24-сур.




25-сур.

<sup>[1]</sup> Дайындаушы жинақтау бағына 0,4...0,5 атм артық ауа қысымын орнатқан. Егер қысым қажет мөлшерден жоғары болса, ниппель клапанын басу арқылы ауаны шығарыңыз, қысым төмен болса, компрессормен немесе кәдімгі велосипед сорғысымен ауа толтыру керек.

## Металл пластикалық бак

1. Жинақтау бағын қаптамадан шығарыңыз, оны көлденең бетке абайлап қойыңыз, құлап кетуіне жол бермеңіз.
2. Жинақтау бағындағы ауа қысымын<sup>[1]</sup> тексеріңіз: жинақтау бағының төменгі жағында емік қақпағын бұрап алып, емік клапанына (орталық соташыққа) аздап бассаңыз, жинақтау бағынан ауа шығады. Ниппель қақпағын орнына мықтап бұраңыз.
3. Су берілуінің бұрандалы келтеқосқышын жауып тұратын көлік бітеуішін алып тастаңыз, келтеқосқыш негізінде тығыздағыштығырықтың бар-жоғын тексеріңіз. Бұранданы жиынтықта болатын нығыздағыш тығырықты пайдаланып, бактың бұрандалы келтеқосқышына бұрап қойыңыз (26-сур.). Фум-таспа, сантехникалық зығыр, герметик сияқты қосымша нығыздағыш материалдар қолдануға тыйым салынады.
4. Көмірлі кейінгі сүзгінің ұшайыр фитингінен жинақтау бағының шұрасына өтетін көк 1/4" түтіктің бос ұшын қосыңыз: пластик түтікті шұраға тірелгенге дейін кіргізіңіз (27-сур.), қосылысты бітеулеу үшін қосымша күш салыңыз, бұл кезде түтік тағы 3 мм-ге батады да, резеңке фитинг сақинасымен мықтап қысылады. Жеткізу жиынтығынан тоқтатқыш қыспаны (А) орнатыңыз.



26-сур.



27-сур.

<sup>[1]</sup> Дайындаушы жинақтау бағына 0,4...0,5 атм артық ауа қысымын орнатқан. Егер қысым қажет мөлшерден жоғары болса, ниппель клапанын басу арқылы ауаны шығарыңыз, қысым төмен болса, компрессормен немесе кәдімгі велосипед сорғысымен ауа толтыру керек.

## СҮЗГІНІ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ШАЮ

Бұйымды бірінші рет іске қосқан кезде, сондай-ақ ауыстырмалы элементтерді немесе картридждерді ауыстырғаннан кейін сүзгіні жуу ұсынылады<sup>[1]</sup>.

1. Жинақтау багының шұрасын жабыңыз, таза су кранын ашып, су құбыры суын сүзгіге жіберіңіз (адаптер-шұраны ашыңыз). 3...5 минуттан кейін су таза су шүмегі арқылы аға бастайды, шүмекті 10 минутқа ашық қалдырыңыз, содан кейін судың ағуын тоқтатып, бак толғанша (бірнеше сағатқа) жинақтау багының шұрасын ашыңыз.
2. Таза су кранын ашып, жинақтау багындағы барлық суды<sup>[2]</sup> толығымен төгіп тастаңыз, содан кейін бакты қайта толтыру үшін краннан судың ағуын тоқтатыңыз. Жинақтау багы бірнеше сағат ішінде таза суға толады – толу жылдамдығы су жүйесіндегі судың қысымына байланысты. Сүзгі жұмыс істеуге дайын.

Бұйымды пайдалана бастағаннан кейінгі алғашқы бірнеше күнде су ақшыл болуы мүмкін (су лайлы, мөлдір емес). Бұл судың шамадан тыс аэрациясына, атап айтқанда, бұйымнан шығарылатын ауа көпіршіктеріне байланысты. Әдетте, біраз уақыттан кейін ауа көпіршіктері жоғалып, су мөлдір болады.

**Назар аударыңыз! Пайдаланудың бірінші аптасында су ағатын жерлерін анықтау үшін сүзгіні күн сайын тексеріңіз. Су ағып кеткені анықталса, судың берілуін тоқтатыңыз, сүзгідегі қысымды түсіріп, қосылысты қайта жинаңыз.**

<sup>[1]</sup> Оған қоса, сүзгіні ұзақ (2 аптадан астам) үзілістен кейін, сондай-ақ сүзгіге қызмет көрсету кезеңінде (мысалы, картридждерді ауыстырғаннан кейін) шаю керек.

<sup>[2]</sup> Жинақтау багын алғаш толтырғанда алынған суды ішпеңіз.

## ЖҰМЫС ҚАҒИДАСЫ

1. Бастапқы (ағынды) су алдын ала дайындықтан өтеді, суды алдын ала тазалаудың бірнеше сатысы бар:
  - көбіктенген полипропиленнен (PP) тазалаудың I сатылы картриджі суды балшықтан, өлшенген бөлшектерден және суда ерімейтін қоспалардан (өлшемі 5 мкм астам) тазалайды;
  - картридждер (II және III<sup>II</sup> сатылы) судан қалдық хлор мен хлорорганикалық қоспаларды, коллоидты темірді және темір бактерияларын кетіреді.
2. Алдын ала дайындалған су кері осмостық немесе наносүзгіш мембрана арқылы өтеді (сүзгі жиынтықтамасына байланысты), онда ол еріген қоспалардан терең тазартылады. Тазартылған су жинақтау багына түседі, ал пайдаланылған су дренажға түседі.
3. Жинақтау багы екі секцияға бөлінеді: төменгі бөлігінде ауа, жоғарғы бөлігінде тазартылған су жиналады, секциялар мембраналық аралықпен бөлінеді. Жинақтау багының суға толуына байланысты ішіндегі ауа сығымдалып, ал таза су шүмегін келесі жолы ашқанда қысым арқылы пайда болған ауа ағыны суды жинақтау багынан итеріп шығарады.
4. Су таза су краны арқылы ағады:
  - Таза су шүмегін ашқан кезде таза су көмірлі кейінгі сүзгіден өтеді, ол жағымсыз дәмдер мен иістерді тиімді жояды, су қоректік заттардың, сілтіліктің және рН-тың оңтайлы мәніне ие болады.
  - Минералдандырғыш сүзгілерде таза су шүмегі екі шұрамен жабдықталған, бұл минералдармен немесе оларсыз су берілуін қамтамасыз етеді. Бірінші шұра ашылған кезде таза су тек көмірлі кейінгі сүзгіден өтеді, ал екінші шұра ашылған кезде таза су алдымен көмірлі кейінгі сүзгіден өтеді, содан кейін минералдандырғышқа түседі, онда пайдалы минералды тұздармен (кальций, магний және калий) адам үшін қажетті мөлшерде қосымша байытылады.
5. Авто ауыстырып-қосқыш жинақтау багы толық толғанда су беруді тоқтатады, бұл дренажға үздіксіз су ағуының алдын алады.
6. Дренаждық ағынды шектеуіш мембранадағы қажетті қысымды сақтап тұрады.

<sup>II</sup> «Аллегро» гейзері сүзгісінде III саты картридж PP.

## **СҮЗГІГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**


### **I, II, III сатыдағы картридждерді ауыстыру**

1. Сүзгінің кіреберісіндегі судың берілуін тоқтатып, жинақтау бағындағы шұраны жабыңыз.
2. Сүзгідегі қысымды босату үшін таза су кранын ашыңыз.
3. Кілтті пайдаланып, картридждің корпусын бұрап алып (I, II, III саты), тиісті картриджді ауыстырыңыз. Корпусты қайта орнатпас бұрын, сақиналарды вазелинмен немесе силикон майлағышпен майлаңыз (қымтақпен шатастырмаңыз).
4. Ішінде жаңа картриджі бар корпусты орнына қойып, қосылысты кілтпен мықтап бекітіңіз.
5. Алдын ала тазалау картридждерінің корпусының шығысындағы фитингке қосылған ақ пластик түтікті авто ауыстырып-қосқыштан ажыратыңыз («Бітеуіштерді алу және түтіктерді ажырату» бөлімін қар. (39-бет)).
6. Кез келген су жинайтын ыдысты ауыстырып, оған пластик түтіктің бос ұшын бағыттап, суды сүзгіге берілуін баяу қосыңыз. Ағып жатқан су таза болғанша күтіңіз, судың берілуін өшіріңіз.
7. Пластик түтікті орнына қосыңыз. Қосылысты қымталау үшін қосымша күш салыңыз, бұл ретте түтік шамамен тағы 3 мм батады да, резеңке фитинг сақинасымен мықтап қысылатын болады.
8. Таза су шүмегін ашып, сүзгіге су жіберіңіз. Біраз уақыттан кейін шүмектен су тұтас ағынмен аға бастайды. Сүзгіні 5...10 минут шайыңыз<sup>[1]</sup>, содан кейін таза су шүмегін жауып, жинақтау бағының шұрасын ашыңыз.


<sup>[1]</sup> Оған қоса, сүзгіні ұзақ (2 аптадан астам) үзілістен кейін, сондай-ақ ауыстырмалы элементтерді ауыстырғаннан кейін шаю керек.

## Мембрананы ауыстыру


1. Орнатпас бұрын жаңа мембрананың қорғаныш қаптамасын шешіп алыңыз. Тасымалдау және сақтау кезінде сақтау мақсатында ол герметикалық бітелген түрде жеткізіледі.
2. Сүзгі кірісіне су беруді тоқтатыңыз (адаптер-шұраны жабыңыз), жинақтау багының шұрасын жабыңыз, сүзгі ішіндегі қысымды босату үшін таза су кранын ашыңыз.
3. Цангалы сақинаны фитингтің негізіне басып ұстап, тоқтатқыш қыспаны алып тастаңыз (28-сур.), пластик түтікті қондырмалы орнынан абайлап шығарыңыз. Қажет болса, барлық түтіктерді мембрана корпусынан ажыратыңыз және оны бекіту қапсырмасынан шығарыңыз.
4. Корпустың қақпағын бұрап алыңыз (29-сур.), пайдаланылған мембрананы шығарып алыңыз (30-сур.).
5. Жаңа мембранадағы тығыздағыш сақиналарды вазелинмен немесе силикон майлағышпен майлаңыз (қымтақпен шатастырмаңыз), мембрананы корпустың түбіне орталық жеңнің тығыздағыш сақиналарын мықтап бекітіп, корпусқа орнатыңыз.
6. Мембрана корпусының қақпағын мықтап бұраңыз. Пластик түтіктерді корпусқа қосу реттілігін сақтай отырып, орнына қайта қосыңыз (кіріс – In, шығыс – Out, дренаж – Drain) («Құбырларды қайта қосу» бөлімін қар. (39-бет)).



28-сур.



29-сур.



30-сур.

## Кейінгі сүзгі мен минералдандырғышты ауыстыру

**Назар аударыңыз! Көмірлі кейінгі сүзгінің немесе минералдандырғыштың корпусын бөлшектеуге және регенерациялауға болмайды.**

1. Пластик түтікті қондырмалы орнынан ажыратыңыз («Бітеуіштерді жою және түтіктерді ажырату» бөлімін қар. (39-бет)).
2. Цангалы сақинаны фитингтің негізіне басып ұстап тұрып, ұшайырды отырғызу орнынан абайлап алыңыз.
3. Пайдаланылған картриджді жаңасына ауыстырыңыз.
4. Пластик түтік пен ұшайырды қайта қосыңыз («Түтіктерді қосу» бөлімін қараңыз (39-бет)).

## Жинақтау багын дезинфекциялау

Жинақтау багын жуып, зарарсыздандыру үшін «Дефендер» шаю сүзгісі жиынтығын пайдалануға кеңес береміз.

## АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Ықтимал ақаулық	Себептері	Жою тәсілі	Ескертпе
Су жинақтау бағына ақпайды немесе баяу жүреді	Суды алдын ала тазалаудың ауыстырмалы элементтерінің ресурсы таусылған	Ауыстыру қажет	Бөлек сатып алынады, қажет болған жағдайда көмек алу үшін сервистік қызметке хабарласыңыз
	Авто ауыстырып-қосқыш ақаулы	Ауыстыру қажет	Сервистік қызметке хабарласыңыз
	Жинақтау бағындағы артық ауа қысымы	Бактағы ауа қысымын 0,5 атм дейін реттеңіз	Бактағы қысымды реттеу үшін велосипед сорғысын және манометрді немесе автомобиль компрессорын пайдаланыңыз
Су шүмектен ақпайды немесе баяу жүреді	Кейінгі сүзгі немесе мембрана ластанған немесе ресурсы таусылған	Жаңаларына ауыстырыңыз	Ағын судың ұсыныстарға сәйкес келмеуі мүмкін
Жинақтау бағы толық, бірақ су дренажға ағып жатыр	Авто ауыстырып-қосқыш ақаулы	Ауыстыру қажет	Сервистік қызметке хабарласыңыз
Судың түсі ақшыл (ақ, лайлы, мөлдір емес су)	Сүзгіде ауа бар (артық аэрация)	Бірте-бірте ауаның өзі сүзгіден шамамен 5 күннен кейін шығады)	Бұйымнан ауа көпіршіктері су мөлдір болғанша шығады

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Сүзгіні соққылардан, құлаудан, тікелей күн сәулесінің әсерінен және төмен температуралардан сақтаңыз.

Сүзгіні пайдаланар алдында, ауыстырмалы элементтерді (картридждерді) тазалап, ауыстырғаннан кейін, пайдалану кезінде ұзақ (2 аптадан астам) үзілістерден кейін нұсқаулыққа сәйкес шайыңыз.

Сүзгіні тек «Бастапқы су бойынша ұсынымдарға» сәйкес келетін сумен пайдалану ұсынылады. Сапасы белгісіз суды сүзгілемеңіз, бұл сүзгілейтін элементтердің мерзімінен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.

Сүзгінің конструкциясына өзгеріс енгізбеңіз.

Пайдалануда ұзақ үзіліс болған жағдайда сүзгіні сумен жабдықтау жүйелерінен ажырату ұсынылады.

Қаптамасын бұзбай сақтау мерзімі – 3 жыл.

Сүзгіні аэрозоль және улы заттарға жақын жерде сақтамаңыз.

+5...+25°C температурада, жылыту аспаптарынан кем дегенде 1 метр алыс, жабық жерде сақтау керек.

## КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Кепілдік мерзімі – сатылған күннен бастап 3 жыл. Сату күні мен сауда жасайтын ұйымның мөртабаны болмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Кепілдік ауыстырмалы элементтерге қолданылмайды. Кепілдік пайдалану процесінде табиғи тозуға ұшырайтын және ресурсы таусылатын сүзгі бөлшектеріне қолданылмайды (тығыздағыш сақиналар, бейімдегіш-шұра, букса шүмегі).

Оларда зауыттық ақауларды анықтаған кезде кепілдік бойынша картридждерді ауыстыру тек дайындаушының немесе уәкілетті ұйымның сервистік қызметінің өкілдері сараптама жүргізгеннен кейін ғана жүргізіледі.

Дайындаушы мынадай жағдайларда бұйымның жұмысы үшін және мүмкін болатын салдарлар үшін жауапкершілік алмайды:

- пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта көрсетілген тасымалдау, сақтау, монтаждау принциптері және пайдалану талаптары бұзылуы нәтижесінде тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың кінәсінен туындаған ақаулар болса;
- орнату және пайдалану жөніндегі нормативтерді, талаптар мен нұсқауларды бұзу себебінен тұтынушының не үшінші тұлғалардың денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіруге әкеп соққан қосылу сәтінде, сондай-ақ монтаждаудан кейін орындалатын монтаждау жұмыстарының кемшіліктері бар болса;
- тауардың техникалық параметрлері пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта дайындаушы белгілеген шектерде болмаса;
- сүзгі немесе құрамдас бөлшектердің механикалық бүлінуі бар болса;
- қосылу және пайдалану кезінде осы нұсқаулықтың талаптары сақталмаса;
- бұйым бөліктерінің мерзімінен бұрын істен шығуы осы нұсқаулықта белгіленген бастапқы суға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін жағдайларда құрамдас бөліктерді уақытылы алмастырмау немесе бұйымды пайдалану себебінен орын алса;
- тұтынушы бұйымды жөндеу немесе жаңғырту барысында конструкцияға өз бетінше өзгерістер енгізген болса
- картридждер ресурсы таусылса;
- сүзгі мақсатсыз пайдаланылған болса (мысалы: қатты сұйықтықтарды тазалау үшін);
- еңсерілмейтін күш жағдайлары және заңнамада көзделген басқа да жағдайлар орын алса.

Сүзгінің қызмет мерзімі дайындалған күннен бастап 10 жылды құрайды. Қызмет мерзімі аяқталған соң сүзгіні ауыстыру қажет<sup>[1]</sup>.

Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін дайындаушы тауарды әрі қарай пайдаланудың барлық жағдайында жауапкершіліктен босатылады.

Шығару күні нұсқаулықтың 83 бетінде көрсетілген.

<sup>[1]</sup> Сүзгінің қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны бөлшектеу және жаңасына ауыстыру қажет, өйткені материалдардың табиғи тозуы салдарынан мерзімі өткен тауар тұтынушының өміріне және/немесе денсаулығына қауіп төндіруі және/немесе оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

**UZ**

**Geyser suv filtrini xarid qilganingiz uchun minnatdormiz!**

Bizning ishlanmalarimiz va texnologiyalarimiz uyingizda suvning mukammal sifatini ta'minlash imkonini beradi.

Barcha funksional imkoniyatlar, shuningdek, Geyzer filtrini o'rnatish usuli ushbu qo'llanmada tavsiflangan. Uni diqqat bilan o'qib chiqing va kelajakda foydalanish uchun saqlab qo'ying.

Filtr to'plami, uni o'rnatishdan so'ng darhol foydalanish uchun kerak bo'lgan barcha zarur narsani o'z ichiga oladi.

## MO'LJALLANISHI

Geyser teskari osmos filtri (keyingi matnda - filtr) suvni dezinfeksiya qilish (viruslar va bakteriyalarni olib tashlash) va boshlang'ich suvni temir, xlororganik va organik birikmalar, xlor, og'ir metallar, mexanik zarrachalar, qattiqlik tuzlari kabi keng ro'yxatdagi aralashmalardan tozalash uchun ishlatiladi, bu esa suvni mutlaqo toza va xavfsiz qiladi.

Geyser nanofiltrlash filtri (keyingi o'rinlarda filtr deb yuritiladi) dezinfeksiya (viruslar va bakteriyalarni yo'qotish) va manba suvini temir, bakteriyalar, organik xlor va organik birikmalar, xlor, og'ir metallar, mexanik zarralar, ortiqcha qattiqlik tuzlari kabi turli xil aralashmalardan qo'shimcha tozalash uchun ishlatiladi. Filtr mineral tarkibini muvozanatlashtiradi, bu esa suvni toza, sog'lom va xavfsiz qiladi.

## MANBA SUVI BO'YICHA TAVSIYALAR

Geyser filtrlari markaziy va xususiy suv tizimlaridan sovuq suvini tozalash uchun mo'ljalangan.

Filtrning ishlashi to'g'ridan-to'g'ri suv ta'minoti tizimidagi bosimga bog'liq. Agar suv ta'minoti tizimidagi bosim 3 atmdan kam bo'lsa, unda nasosli filtr modelidan foydalanish tavsiya etiladi.

Suv harorati, °C	+4...+40
pH (vodorod ko'rsatkichi), bir. mol/l	6...9
Loyqalik <sup>[1]</sup> , mg/l, ortiq emas	5
Qattiqlik <sup>[1]</sup> , J° (mg-ekv/l), ortiq emas	15
Suvning filtrga kirishdagi bosimi <sup>[2]</sup> , atm	3...7
Mineralizatsiya <sup>[1]</sup> , mg/l, ortiq emas	2000

**Diqqat! Agar dastlabki suvning xususiyatlari ko'rsatilgan tavsiyalarga mos kelmasa, almashtiriladigan elementlarning xizmat muddati ushbu qo'llanmada ko'rsatilganidan qisqaroq bo'lishi mumkin.**

<sup>[1]</sup> Belgilangan ko'rsatkichlarning qiymatlaridan oshib ketish qo'shimcha dastlabki tozalashni talab qiladi.

<sup>[2]</sup> Agar suvning filtrga kirishdagi bosimi ko'rsatilgandan yuqori bo'lsa, filtr oldiga bosimni pasaytiruvchi reduktor o'rnatish kerak.

## **FILTR MATERIALLARI VA ALMASHTIRILADIGAN ELEMENTLAR**

**PP polipropilen** kartrijining g'ovakliligi 5 mkm, suspenziyalar va mayda erimaydigan aralashmalarni suvdan olib tashlaydi.

**CBC/Mix Block kartridji** yuqori sifatli kokos ko'mirini o'z ichiga oladi va Karbon-blok texnologiyasi bo'yicha (10 mkm g'ovaklikda) tayyorlangan, bu suvdan qoldiq xlor va xlororganik aralashmalarni olib tashlash imkonini beradi.

**BAF kartrijida** katalon materiallari va sorbentlarga asoslangan ko'p komponentli yuk mavjud. Xlor va organik aralashmalarni olib tashlaydi, temir va og'ir metallarni kamaytiradi.

**Teskari osmotik membrana (Geyser 1812 50 GPD/2012 100 GPD)** suvni chuqur tozalash uchun ishlatiladi. 0,0001 mkm membrananing teshiklari orqali faqat suv molekulalari o'tadi.

**Aquaporin TWRO-1812 175 GPD teskari osmotik membranasi** – dunyodagi yagona Aquaporin oqsili asosidagi membrana (Patent EP 1885 477 B1). Suvni qattiqlik tuzlari, xlor, temir, og'ir metallar, organik aralashmalar, fenollar, nitritlar va nitratlar, bakteriyalar va viruslar, begona hidlar va ta'mlardan tozalash uchun mo'ljallangan.

**Nanofiltratsiya membranasi (VNF2-1812)** erigan aralashmalar, og'ir metallar, mikroorganizmlardan asosiy tozalashni amalga oshiradi va qattiqlik tuzlarini kamaytiradi.

Faollashtirilgan Hindiston yong'og'i ko'miridan tayyorlangan **ko'mirdan** keyingi filtr tozalangan suvdagi hidlarni yo'q qilish uchun ishlatiladi.

**Mineralizator B (RO)** tabiiy tarkibiy qismlar asosida yaratilgan, suvni foydali mineral tuzlar bilan boyitadi (patent №2212378).

**Baskon mineralizatori** minerallar (kaliy, magniy, kaltsiy) bilan to'yingan toza va foydali suv olish imkonini beradi. Suvda erkin radikallar kamayadi va RedOx (oksidlanish-qaytarilish) potentsiali kamayadi.

## FILTRNI MODIFIKATSIYASI

Nomi	Bosqich	O'zgartirish elementi	Xizmat qilish muddati <sup>[1]</sup> , oy
<b>Allegro/Allegro M</b>	I	Polipropilen kartrij PP 5 mkm	6 gacha
<b>Premium</b>			
<b>Prestij/Prestij M</b>			
<b>Nanotek</b>			
<b>Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M</b>			
<b>Allegro/Allegro M</b>	II	CBC kartrij/Mix Block	6 gacha
<b>Premium</b>			
<b>Prestij/Prestij M</b>		BAF kartriji	
<b>Nanotek</b>		Katrij Mix Block	
<b>Zero 50/Zero 50M/Zero 100/Zero 100M</b>			
